

**«ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» акционерлік қоғамы  
акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысының  
ХАТТАМАСЫ**

Қазақстан Республикасы, 010000, Астана қаласы, Қабанбай батыр д-лы, 17 мекенжайында орналасқан «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» акционерлік қоғамының (бұдан әрі – «Қоғам») акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысы (бұдан әрі – «Жиналыс») 2018 жылғы 11 шілдеде, 10 сағат 00 минутта Қазақстан Республикасы, 010000, Астана қ., Қабанбай батыр д-лы, 17-үй мекенжайындағы 3-қабаттағы акт залында шақырылды.

**Қоғамның атқарушы органының толық атауы мен орналасқан жері:**  
«ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» акционерлік қоғамының Басқармасы, Қазақстан Республикасы, 010000, Астана қ., Қабанбай батыр д-лы, 17-үй.

Қоғамның құқықтық мәселелер жөніндегі басқарушы директоры Марлен Армияұлы Оразбеков Жиналыстың ашылғанын жариялап, Қоғамның есеп комиссиясының төрайымы Айгүл Алтынбекқызы Әлиақпароваға сөз берді.

Есеп комиссиясының төрайымы «Бағалы қағаздарды бірыңғай тіркеуші» АҚ берген Қоғам акционерлерінің 2018 жылғы 11 маусымдағы (00 сағат 00 минут) жағдай бойынша тізіміне сәйкес Қоғамның орналастырылған акцияларының жалпы саны 74 357 042 дананы, оның ішінде артықшылықты акциялар – 4 136 107 дананы, жай акциялар – 70 220 935 дананы құрайтынын хабарлады.

Қоғамның Жиналысына мыналар қатысты:

1. 43 087 006 жай акцияның иесі – «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» АҚ-тан «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының өндірісті оңтайландыру департаменті директорының орынбасары Дамир Данилбекұлы Теберіков қатысты (2018 жылғы 9 шілдедегі №113-145 сенімхат бойынша);

2. Қоғамның 1 537 артықшылықты акциясының иесі Ақмарал Оралқызы Ибрагимова.

3. Қоғамның 201 артықшылықты акциясының иесі Бақытжан Серікханұлы Күдебаев.

«Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 13-бабының 3-тармағына сәйкес, аталған баптың 4-тармағында белгіленген жағдайларды есептемегенде, артықшылықты акция акционерге қоғамды басқаруға қатысу құқығын бермейді.

«Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 1-бабының 8) тармақшасына сәйкес, дауыс беретін акциялар санына қоғам сатып алған акциялар, сондай-ақ номиналды ұстаудағы және орталық депозитарийдің есепке алу жүйесінде ол туралы мәліметтер жоқ меншік иесіне тиесілі акциялар кірмейді.

Жиыны: 2018 жылғы 11 маусымдағы жағдай бойынша акциялар ұстаушылары тізілімдерінің жүйесі деректерінің негізінде Қоғамның дауыс беруші акцияларының жалпы санынан 99,97 %-тік құрайтын Қоғамның жиынтықтағы 43 087 006 жай акциясына ие, Жиналысқа қатысуға және онда дауыс беруге құқығы бар акционердің 1 өкілі, сондай-ақ Қоғамның артықшылықты акцияларына иелік ететін 2 акционер тіркелді.

«Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 45-бабының 1-тармағының негізінде, егер жиналысқа қатысушыларды тіркеуді аяқтау сәтінде жиналысқа қатысуға және онда дауыс беруге, жиынтық қоғамның дауыс беретін акцияларының елу және одан да көп процентіне иелік ететін акционерлердің тізіміне қосылған акционерлер немесе



олардың өкілдері тіркелсе, акционерлердің жалпы жиналысы күн тәртібінің мәселелері бойынша шешімдерді қарауға және қабылдауға құқылы.

Жоғарыда баяндалғанның негізінде Жиналысты өткізу және оның күн тәртібінің мәселелері бойынша дауыс беру үшін кворум бар.

Қоғамның құқықтық мәселелер жөніндегі басқарушы директоры М.А. Оразбеков «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 46-бабының 2-тармағына сәйкес, жиналыс өткізілетін уақытта есеп комиссиясының мүшесі болмаған жағдайда жиналыс өткізілетін уақытқа есеп комиссиясының мүшесін қосымша сайлауға рұқсат етілетінін хабарлады. Жоғарыда баяндалғанға сәйкес, Шот комиссиясының төрайымы Ләззат Қалыбекқызы Нұрмағамбетова мен жұмыс істеп тұрған комиссияның мүшесі Шыңғыс Ғабитұлы Ысқақов болмағандықтан, Жиналыс өткізу уақытына Қоғамның заң департаменті директорының орынбасары Елена Николаевна Горохова мен корпоративтік қаржыландыру және Қоғамның инвесторларымен жұмыс департаментінің аға маманы Әниса Болатбекқызы Шалабаеваны есеп комиссиясының мүшелері етіп сайлау, сондай-ақ Айгүл Алтынбекқызы Әлиақпарованы жұмыс істеп тұрған есеп комиссиясының төрайымы етіп сайлау ұсынылады. Осы мәселе дауыс беруге шығарылды. Дауыс беруге қатысқан дауыстардың жалпы саны – 43 087 006 дауыс.

**Дауыс бергендер:**

- «Қолдады» - 43 087 006 дауыс;
- «Қарсы» - дауыс жоқ;
- «Қалыс қалды» - дауыс жоқ.

мынадай құрамдағы Қоғамның есеп комиссиясы сайлансын:

1. Әлиақпарова Айгүл Алтынбекқызы – Қоғамның корпоративтік хатшы қызметінің жетекші талдаушысы, есеп комиссиясының төрайымы ретінде;
2. Горохова Елена Николаевна – Қоғамның заң департаменті директорының орынбасары, есеп комиссиясының мүшесі ретінде;
3. Шалабаева Әниса Болатбекқызы – корпоративтік қаржыландыру және Қоғамның инвесторларымен жұмыс департаментінің аға маманы, есеп комиссиясының мүшесі ретінде.

М.А. Оразбеков «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының Басқармасы төрағасының орынбасары – қаржы директоры Дәурен Сапаралыұлы Қарабаевты Қоғам Жиналысының төрағасы етіп сайлауды ұсынды.

Осы мәселе дауыс беруге шығарылды. Дауысқа салынған мәселе бойынша дауыс беруге қатысқан дауыстардың жалпы саны – 43 087 006 дауыс.

**Дауыс бергендер:**

- «Қолдады» - 43 087 006 дауыс;
- «Қарсы» - дауыс жоқ;
- «Қалыс қалды» - дауыс жоқ.

**Жиналыстың мынадай шешімі қабылданды:** «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының Басқармасы төрағасының орынбасары – қаржы директоры Дәурен Сапаралыұлы Қарабаев Қоғам Жиналысының төрағасы болып сайлансын

М.А. Оразбеков Қоғам Жарғысының 85-тармағына сәйкес Қоғамның корпоративтік хатшысы Жиналыс хатшысы болатынын хабарлады. Осыған байланысты, Қоғамның корпоративтік хатшысы Айгерім Болатқызы Сүлейменова Жиналыстың хатшысы етіп сайлау ұсынылды.

Осы мәселе дауыс беруге шығарылды. Дауысқа салынған мәселе бойынша дауыс беруге қатысқан дауыстардың жалпы саны – 43 087 006 дауыс.



**Дауыс бергендер:**

- «Қолдады» - 43 087 006 дауыс;
- «Қарсы» - дауыс жоқ;
- «Қалыс қалды» - дауыс жоқ.

**Жиналыстың мынадай шешімі қабылданды:** Қоғамның корпоративтік хатшысы Айгерім Болатқызы Сүлейменова Жиналыстың хатшысы болып сайлансын.

М.А. Оразбеков Жиналыстың төрағасы Д.С. Қарабаевқа көз берді.

Одан кейін, Жиналыс төрағасы Д.С. Қарабаев Қоғамның Жиналысында дауыс беру тәртібі мен нысанын акционерлердің назарына жеткізді. «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 50-бабының 1-тармағына сәйкес Акционерлердің жалпы жиналысында дауыс беру: 1) Қазақстан Республикасының заң актілерінде көзделген жағдайларда бір акционерге берілетін акциялар бойынша дауыстардың ең көп санын шектеуді; 2) директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау кезінде кумулятивті дауыс беруді; 3) акционерлердің жалпы жиналысында дауыс беру құқығы бар әрбір адамға акционерлердің жалпы жиналысын өткізудің рәсімдік мәселелері бойынша бір дауыстан беруді қоспағанда, "бір акция - бір дауыс" принципі бойынша жүзеге асырылады. Күн тәртібінің барлық мәселелері бойынша дауыс беру нысанын ашық тәсіл етіп белгілеу ұсынылды.

Осы мәселе дауыс беруге шығарылды. Дауыс беруге қатысқан дауыстардың жалпы саны – 1 дауыс.

**Дауыс бергендер:**

- «Қолдады» - 1 дауыс;
- «Қарсы» - дауыс жоқ;
- «Қалыс қалды» - дауыс жоқ.

**Жиналыстың мынадай шешімі қабылданды:** дауыс беру тәртібі «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 50-бабының 1-тармағына сәйкес белгіленсін; Күн тәртібінің барлық мәселелері бойынша дауыс беру нысанын ашық тәсіл болып белгіленсін.

Қоғам Жиналысының төрағасы Д.С. Қарабаев Жиналыс Хатшысы А.Б. Сүлейменоваға сөз берді, ол күн тәртібін өзгерту бойынша ұсыныстардың келіп түспегенін хабарлады. Сондай-ақ А.Б. Сүлейменова күн тәртібінің мәселелері бойынша баяндамашыларға он минут, пікір-таласқа қатысушыларға бес минут, есеп комиссиясына дауыстар санын есептеуге жеті минут беруді ұсынды.

Осы мәселе басқа ұсыныстар түспегендіктен, мәселе дауыс беруге шығарылды. Дауыс беруге қатысқан дауыстардың жалпы саны – 1 дауыс.

**Дауыс бергендер:**

- «Қолдады» - 1 дауыс;
- «Қарсы» - дауыс жоқ;
- «Қалыс қалды» - дауыс жоқ.

**Жиналыстың мынадай шешімі қабылданды:** Қоғам Жиналысы жұмысының мынадай регламенті бекітілсін: күн тәртібінің мәселелері бойынша баяндамашыларға он минут, пікір-таласқа қатысушыларға бес минут, есеп комиссиясына дауыстар санын есептеуге жеті минут берілсін.



Қоғам Жиналысының төрағасы Д.С. Қарабаев Жиналыстың күн тәртібі мәселесі бойынша Жиналыс хатшысы А.Б. Сүлейменоваға сөз берді. А.Б. Сүлейменова 2018 жылғы 22 мамырда Қоғамның Директорлар кеңесі Қоғам акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыру туралы шешім қабылдағанын хабарлады. Жиналысты шақыру туралы ақпараттық хабарландыру 2018 жылғы 25 мамырда «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланды. Күн тәртібін толықтыру және өзгерту туралы ұсыныстар түспеді.

Осылайша, мынадай күн тәртібін бекіту ұсынылады:

- 1) «ҚазМұнайГаз» БӨ» АҚ Жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы;
- 2) «ҚазМұнайГаз» БӨ» АҚ Директорлар кеңесі туралы;
- 3) «ҚазМұнайГаз» БӨ» АҚ акцияларды сатып алғанда, олардың құнын белгілеу әдістемесі туралы.

Осы мәселе басқа ұсыныстар түспегендіктен, мәселе дауыс беруге шығарылды. Дауыс беруге қатысқан дауыстардың жалпы саны – 43 087 006 дауыс.

**Дауыс бергендер:**

- «Қолдады» - 43 087 006 дауыс;
- «Қарсы» - дауыс жоқ;
- «Қалыс қалды» - дауыс жоқ.

**Жиналыстың мынадай шешімі қабылданды:** Жиналыстың мынадай күн тәртібін бекіту ұсынылады:

- 1) «ҚазМұнайГаз» БӨ» АҚ Жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы;
- 2) «ҚазМұнайГаз» БӨ» АҚ Директорлар кеңесі туралы;
- 3) «ҚазМұнайГаз» БӨ» АҚ акцияларды сатып алғанда, олардың құнын белгілеу әдістемесі туралы.

Күн тәртібінің **бірінші мәселесі бойынша** Қоғам Жиналысының төрағасы Д.С.Қарабаев Қоғамның құқықтық мәселелер жөніндегі басқарушы директоры Марлен Армияұлы Оразбековке сөз берді.

М.А. Оразбеков «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 36-бабының 1-тармағының 1) тармақшасына және Қоғам Жарғысының 103-тармағының 1) тармақшасына сәйкес, Жарғыға өзгерістер мен толықтырулар енгізудің акционерлердің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жататынын хабарлады.

Қоғамның «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-пен (бұдан әрі – ҚМГ) интеграциялану шеңберінде және ҚМГ компанияларының тобында басқарудың жаңа операциялық моделін енгізу, басқарушылық шешімдердің қабылдануын орталықтандыру, ҚМГ компаниялары тобының құрылтайшылық құжаттарының мазмұнын біріздендіру, сондай-ақ, тұтастай алғанда, Қоғам қызметінің тиімділігін арттыру үшін басқару органының шығыстарын оңтайландыру мақсатында, Қоғамның Жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу қажеттілігі туындады.

Жарғының негізгі өзгерістері сомасы 8 млрд. теңгеден астам мәмілелерді/инвестициялық жобаларды ҚМГ-мен келісу, 20 млрд. теңгеден астам мөлшеріндегі ірі мәмілелердің мөлшерін айқындау туралы нормаларды белгілеуді, Директорлар кеңесі мүшелерінің ең аз санын қысқартуды (4 адамға дейін) қозғады. Сонымен бірге, Қоғамның ҚМГ-мен интеграциялану шеңберінде ішкі аудит қызметі қызметкерлерінің ҚМГ-ге жоспарлы түрде ауысуына байланысты, ішкі аудит қызметін тарату ұсынылады. Осы мәселені Қоғамның Директорлар кеңесі мақұлдады (2018ж.22.05 №19 хаттама).

Акционерлердің қарауына мынадай шешім шығарылды;

«ҚазМұнайГаз» БӨ» АҚ Жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу.

Мәселе дауыс беруге шығарылды. Дауыс беруге қатысқан дауыстардың жалпы саны – 43 087 006 дауыс.



**Дауыс бергендер:**

- «Қолдады» - 43 087 006 дауыс;
- «Қарсы» - дауыс жоқ;
- «Қалыс қалды» - дауыс жоқ.

**Жиналыстың мынадай шешімі қабылданды:**

1. Қоса берілген Қоғамның Жарғысына енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін.

2. Қоғамның бас директоры (басқарма төрағасы) Қ.О. Есқазиев осы шешімнен туындайтын шараларды қабылдасын.

Күн тәртібінің **екінші мәселесі бойынша** Қоғам Жиналысының төрағасы Д.С.Қарабаев Қоғамның корпоративтік хатшысы Айгерім Болатқызы Сүлейменоваға сөз берді.

А.Б. Сүлейменова «Акционерлік қоғамдар туралы Қазақстан Республикасы Заңының 36-бабының 1-тармағының 5) тармақшасына және Қоғам Жарғысының 103-тармағының 10) тармақшасына сәйкес, Директорлар кеңесі Директорлар кеңесінің сандық құрамын белгілеу, оның мүшелерін сайлау мен олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ Директорлар кеңесі мүшелерінің өз міндеттерін орындағаны үшін оларға сыйақы мен шығыстарының өтемақысын төлеу мөлшері мен талаптарын белгілеу акционерлердің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жататынын хабарлады.

2018 жылдың 22 мамырындағы Акционерлердің жылдық жалпы жиналысының шешімімен 2018 жылғы 22 мамырдан бастап 2019 жылғы 22 мамырды қоса алғандағы мерзімге белгіленген өкілеттіктер мерзіміне Директорлар кеңесінің (бұдан әрі – ДК) сандық құрамы – 8 адам мен ДК жеке құрамы (Қарабаев Д.С. (төраға), Есқазиев Қ.О, Ертілесова Ж.Ж, Қуандықов Б.М., Жолтаев Г.Ж., Карпушин О.В., Мұқышов А.Ж., Сырғабекова Ә.Н.) белгіленді.

Бүгінгі таңда, Директорлар кеңесінің қызметі мен тиімділігін оңтайландыру мақсатында, Директорлар кеңесі мүшелерінің сандық құрамын қысқартып, оны 4 (төрт) мүше санында белгілеу және Директорлар кеңесі мүшелерінің өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату ұсынылады. Сонымен қатар, Қоғамның Жарғысына тиісті өзгерістер енгізіледі.

Осылайша, акционерлердің жалпы жиналысы тиісті шешім қабылдағаннан кейін, Директорлар кеңесінің құрамында Қарабаев Д.С. (төраға), Есқазиев Қ.О, Ертілесова Ж.Ж. (тәуелсіз директор), Қуандықов Б.М. (тәуелсіз директор) қалады.

Акционерлердің қарауына мынадай шешім шығарылып отыр:

1. Директорлар кеңесінің құрамы 4 (төрт) адам санында белгіленсін.
2. Қоғамның Директорлар кеңесінің мынадай мүшелерінің өкілеттіктері мерзімінен бұрын тоқтатылсын:
  - 1) Жолтаев Герой Жолтайұлы (тәуелсіз атқарушы директор);
  - 2) Карпушин Олег Вячеславович («ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ өкілі);
  - 3) Мұқышов Ардақ Жұмағұлұлы («ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ өкілі);
  - 4) Сырғабекова Әсия Нарыманқызы («ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ өкілі).

Мәселе дауыс беруге шығарылды. Дауыс беруге қатысқан дауыстардың жалпы саны – 43 087 006 дауыс.

**Дауыс бергендер:**

- «Қолдады» - 43 087 006 дауыс;
- «Қарсы» - дауыс жоқ;
- «Қалыс қалды» - дауыс жоқ.



**Жиналыстың мынадай шешімі қабылданды:**

3. Директорлар кеңесінің құрамы 4 (төрт) адам санында белгіленсін.
4. Қоғамның Директорлар кеңесінің мынадай мүшелерінің өкілеттіктері мерзімінен бұрын тоқтатылсын:
  - 1) Жолтаев Герой Жолтайұлы (тәуелсіз атқарушы директор);
  - 2) Карпушин Олег Вячеславович («ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ өкілі);
  - 3) Мұқышов Ардақ Жұмағұлұлы («ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ өкілі);
  - 4) Сырғабекова Әсия Нарыманқызы («ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ өкілі).

Күн тәртібінің үшінші мәселесі бойынша Қоғам Жиналысының төрағасы Д.С.Қарабаев Қоғамның инвесторларымен жұмыс департаментінің директоры Мұхтар Амангелдіұлы Авутбаевқа сөз берді.

М.А. Авутбаев Қоғам Жарғысының 103-тармағының 17) тармақшасына сәйкес, Қоғам ұйымдастырылмаған нарықта акцияларды сатып алған кезде олардың құнын белгілеу әдістемесін бекіту, сондай-ақ оған өзгерістер мен толықтырулар енгізу акционерлердің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жататынын хабарлады.

Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысының 2008 жылғы 23 қаңтардағы шешімімен «ҚазМұнайГаз» БӨ» АҚ акцияларды сатып алған кезде қоғамның олардың құнын белгілеу әдістемесі (бұдан әрі – Әдістеме) бекітілді, ол Қоғам ұйымдастырылмаған, сондай-ақ ұйымдастырылған нарықта акцияларды сатып алған кезде олардың құнын белгілеу мәселелерін қамтиды. Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысының 2018 жылғы 22 қаңтардағы шешімімен Әдістемеге Қоғам ұйымдастырылған нарықта жай акцияларды сатып алған кезде олардың құнын белгілеу тәртібіне қатысты өзгерістер енгізілді.

Әдістемені бірыңғай интерпретациялау, Қоғамның жай, сондай-ақ артықшылық акцияларының құнын белгілеудің бірыңғай тәртібін белгілеу және де, акциялардың нарықтық құнын, Қоғамның даму перспективаларын немесе өзге де факторларды ескере отырып, кері сатып алу бағасын бекіту өкілеттіктерін директорлар кеңесіне беру мақсатында Әдістемеге мынадай өзгерістерді енгізу ұсынылады:

Әдістеменің 8, 9, 11-тармақтары мынадай редакцияда жазылсын:

«8. Бағалы қағаздардың ұйымдастырылған нарығында айналатын Акцияларды Қоғамның бастамашылығымен сатып алу Акциялар айналатын Ұйымдастырылған нарықта қалыптасқан ағымдағы нарықтық баға бойынша не болмаса, Акциялардың нарықтық құнын, Қоғамның жеке капиталының мөлшерін, Қоғамның даму жоспарларына сәйкес оның өзгеру перспективаларын және/немесе өзге де факторларды ескеріп, директорлар кеңесі белгілеген өзге де баға бойынша жүзеге асырылады.

9. Бағалы қағаздардың ұйымдастырылған нарығында айналатын Акцияларды Қоғамның бастамашылығымен сатып алу Қоғамның директорлар кеңесі Акцияларды сатып алу туралы шешімді қабылдағанға дейін 30 күнтізбелік күннен бұрын емес күні тәуелсіз бағалаушы белгілеген баға бойынша не болмаса, Қоғамның жеке капиталының мөлшерін, Қоғамның даму жоспарларына сәйкес оның өзгеру перспективаларын және/немесе өзге де факторларды ескеріп, директорлар кеңесі белгілеген өзге де баға бойынша жүзеге асырылады.

11. Қоғам акционерінің талап етуі бойынша Акциялардың бағалы қағаздардың Ұйымдастырылған нарығында айналмайтын Акцияларды сатып алу, алынған соманың 50% мөлшеріндегі жеңілдіктерді есептегенде, Акциялардың баланстық құны бойынша жүзеге асырылады.

Акциялардың баланстық құнын есептеу Акционерге тиесілі Акцияларды сатып алу туралы оның өтініші Қоғамның кеңсесінде тіркелген күні бар Қоғамның ХҚЕС-ке сәйкес жасалған соңғы шоғырландырылған қаржы есептілігінің негізінде жүргізіледі және мынадай формула бойынша есептеледі:

$P = E/Q$ , мұнда:

P – Акцияның баланстық құны;



Е – есептілік жасалған күніндегі Қоғамның жеке капиталының баланстық құны;  
Q – Есептілік жасалған тиісті күні орналастырылған және айналыстағы Акциялардың жалпы саны (бір акцияға шаққанда, депозитарийлік қолхаттардың тиісті ара қатынасы ескеріліп).».

Қоғам акционерлерінің қарауына мынадай шешім шығарылып отыр:

Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысының 2008 жылғы 23 қаңтардағы шешімімен «ҚазМұнайГаз» БӨ» АҚ акцияларды сатып алған кезде қоғамның олардың құнын белгілеу әдістемесіне қоса берілген өзгерістер енгізілсін.

Одан кейін Қоғамның акционері, Қоғамның артықшылықты акцияларының иесі Б.С. Күдебаев Қоғамның миноритарлық акционерлерінің, оның ішінде Қоғамның артықшылық акцияларына иелік ететін акционерлерінің құқықтарын бұрын Қоғамның тәуелсіз директорлары қорғағанын айтты. Қазіргі уақытта осы құқықтарды ешкім қорғамайды.

Д.С. Қарабаев оған Қоғамның Директорлар кеңесінің құрамына Қоғамның барлық акционерлерінің, оның ішінде Қоғамның артықшылықты акциялары иелерінің мүдделерін бұрынғыдай қорғайтын Қоғамның тәуелсіз директорлары кіреді деп жауап берді.

А.О. Ибрагимова артықшылықты акцияларды сатып алу бойынша Қоғамның тендерлік ұсынысы қашан болатынын және оларды сатып алу бағасының қандай екенін сұрады.

Д.С. Қарабаев қоғамның орналастырылған акцияларды немесе басқа да бағалы қағаздарды сатып алуы және оларды сатып алу бағасының Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне жататыны туралы айтты. Осы ақпаратты Қоғам, заңнаманың талаптарына сәйкес, оның барлық акционерлерге келіп түсуіне қарай беретін болады.

Заңның 4-бабының 1-1) тармақшасына сәйкес, Қоғамның артықшылықты акцияларына иелік ететін акционерлер Жиналыстың күн тәртібінің осы мәселесі бойынша дауыс беруге қатысты. Дауыс беруге қатысқан дауыстардың жалпы саны – 43 088 744 дауыс.

**Дауыс бергендер:**

- «Қолдады» - 43 087 006 дауыс;
- «Қарсы» - 1 738 дауыс;
- «Қалыс қалды» - дауыс жоқ.

**Жиналыстың мынадай шешімі қабылданды:** «ҚазМұнайГаз» БӨ» АҚ акционерлерінің жалпы жиналысының 2008 жылғы 23 қаңтардағы шешімімен бекітілген «ҚазМұнайГаз» БӨ» АҚ акцияларды сатып алғанда, олардың құнын белгілеу әдістемесіне қоса берілген өзгерістер енгізілсін.

Күн тәртібінің мәселелері бойынша шешімдер қабылданғаннан кейін, Қоғам Жиналысының төрағасы Д.С. Қарабаев акционерлерге жиналысқа қатысқаны үшін алғыс білдіріп, жиналысты жабық деп жариялады.

Қоғамның Жиналысы 11 сағат 00 минутта жабылды.

Акционерлердің жалпы  
жиналысының төрағасы

Д. Қарабаев



Акционерлердің жалпы  
жиналысының хатшысы

\_\_\_\_\_

А. Сүлейменова

Есеп комиссиясының  
төрайымы:

\_\_\_\_\_

А. Әлиакпарова

\_\_\_\_\_

Е. Горохова

\_\_\_\_\_

Ә. Шалабаева

Жай акциялардың кемінде  
10%-не иелік ететін  
акционерден

\_\_\_\_\_

Д. Теберіков

